

Көшелерге атау беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы Қақпақ ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 3 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 ақпанда № 4448 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Қақпақ ауылы округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қақпақ ауылы округі, Заңғар, Сырлысай елді мекендеріндегі көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Заңғар елді мекеніндегі № 2 көшеге - Түркістан атауы;
- 2) Заңғар елді мекеніндегі № 3 көшеге – Сырдария атауы;
- 3) Заңғар елді мекеніндегі № 4 көшеге - Отырар атауы;
- 4) Заңғар елді мекеніндегі № 5 көшеге - Ұлытау атауы;
- 5) Сырлысай елді мекеніндегі № 1 көшеге - Келес атауы;
- 6) Сырлысай елді мекеніндегі № 2 көшеге - Атамекен атауы;
- 7) Сырлысай елді мекеніндегі № 3 көшеге - Бәйтерек атауы;
- 8) Сырлысай елді мекеніндегі № 4 көшеге - Жібек жолы атауы;
- 9) Сырлысай елді мекеніндегі № 5 көшеге - Нұра атауы;
- 10) Сырлысай елді мекеніндегі № 6 көшеге - Тұран атауы;
- 11) Сырлысай елді мекеніндегі № 7 көшеге - Көктем атауы;

2. "Қақпақ ауылы округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазығұрт ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылы округі әкімі

Е.Шорабаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК